

2020 жылдың 29 сәуірінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің РОӘК ОӘБ онлайн форматтағы мәжілісі өтті.

Бұл пікірталас алаңына ҚР білім және ғылым Министрлігі, Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының, ЖОО-лар, ҚР "Атамекен" ҰКП өкілдері, кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер жиналды. Мәжіліс қатысушыларына елдің алдыңғы қатардағы ЖОО-да білім беру бағдарламалары қалай әзірленеді, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту үдерісінде қандай қиындықтар туындағанын есту және көру мүмкіндігі ұсынылды.

Мәжілісті ашқан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті директорының орынбасары Нарбекова Бану Мұқатайқызы ОӘБ қызметінің жаңа форматтағы басты трендтеріне тоқталды. БПЖАҰО директорының орынбасары Джарасова Гүлжан Сағидұллақызы қатысушыларды жаңартылған білім беру бағдарламаларын ББ ұлттық тізіліміне енгізу алгоритмімен таныстырды. Университеттің бітіруші түлегінің біліктілік моделі және кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын құрудың негізгі бағыттары мен тәсілдері туралы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әдістемелік жұмыс қызметінің басшысы Жақыпова Гүлназия Талғатқызы баяндама жасады. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Механика кафедрасының меңгерушісі, Ракишева Зәуре Баянқызы және Ұлттық ғарыштық ғылыми-зерттеу орталығының Ионосфера институтының орбиталық және жер үсті ғарыштық жүйелерінің сенімділігі мен қауіпсіздігі зертханасының жетекшісі Грищенко Валентина Федоровна «Механика» және «Ғарыштық техника және технологиялар» білім беру бағдарламаларын жасаудағы бірлескен тәжірибесін ұсынды. Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының доценті Сыздыкова Лейла Ибрашевна «Химия» білім беру бағдарламасының даму ерекшеліктерін ашып берді. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Гидрология және метеорология кафедрасының меңгерушісі Полякова Светлана Евгеньевна және Қазгидромет ғылыми-зерттеу орталығының климаттық зерттеулер басқармасының жетекшісі Долгих Светлана гидрология мен метеорологияның кәсіби стандартын әзірлеу қажеттілігін негіздеді. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры Байзақова Кұралай Ертісқызы «Халықаралық қатынастар» ББ және халықаралық қатынастарды дайындаудағы заманауи үрдістермен таныстырды. Оспанова Шынар Сабитқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Термофизика және техникалық физика кафедрасының PhD докторы және «Сайман» корпорациясының технологы, өндірістік шеберхана басшысының орынбасары Нұрмағамбетов Медет техникалық физика бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын ұсынды.

Мәжіліске қатысушылар білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттар негізінде жаңарту барысында университеттер мен кәсіби орта арасындағы қатынастар сапалы жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті. Кәсіби стандарттарға қатысты ескертулер мен ұсыныстарға «Атамекен» адами даму департаментінің сарапшысы Жұматаев Данияр, сондай-ақ кәсіби

стандарттарды әзірлеушілер «ORKEN MEDIA» ЖШС, агроөнеркәсіптік қауымдастықтар кешені, HR менеджерлер қауымдастығы, Қазақстан көлік KAZLOGISTICS одағы, Қазақстанның тамақ кәсіпорындарының одағы түсіндірме беріп өтті.

Мәжіліс модераторы – Хикметов Асқар Құсыпбекұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры

Мәжіліс материалдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы сайтына ілінді.